

сопровождения семьи является актуальной и необходимой, требует разработки на межведомственном уровне, срочной поэтапной полномасштабной реализации.

#### Список использованных источников

1. Антипова Е.И. Семейно-центрированная модель ранней помощи детям с ограниченными возможностями здоровья: постановка проблемы: сборник трудов конференции. / Е.И. Антипова, Ю.Н. Ватолина // Воспитание и обучение: теория, методика и практика : материалы VIII Междунар. науч.-практ. конф. (Чебоксары, 6 нояб. 2016 г.) / редкол.: О.Н. Широков [и др.] – Чебоксары: ЦНС «Интерактив плюс», 2016. – С. 247-249.
2. Варгас-Барон Э., Янсон У., Муфель Н. Раннее вмешательство, специальное образование и интеграция. Фокус на Республике Беларусь. –([http://www.unicef.org/ceecis/Belarus\\_Russian](http://www.unicef.org/ceecis/Belarus_Russian)).
3. Емелина О.И. Становление системы помощи детям раннего возраста за рубежом. – (<http://elar.uspu.ru/bitstream/uspu/459/1/speo-2013-03-05.pdf>).
4. Сборник «Передовые практики раннего вмешательства». – ([http://www.eii.ru/sbornik\\_pereдовые\\_praktiki\\_rannego\\_vmeshatelstva/](http://www.eii.ru/sbornik_pereдовые_praktiki_rannego_vmeshatelstva/)).

ӘОЖ 378.14

Самашова Г.Е.

пед.ғ.к., қауым.профессор, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Инновациялық технологиялар факультетінің деканы  
Қазақстан, Қарағанды қ., e-mail: [gsamash74@mail.ru](mailto:gsamash74@mail.ru)

Құрымбаев С.Ф.

пед.ғ.к., доцент, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, «Логистикалық жүйелер және көлік» кафедрасының доценті, Қазақстан, Қарағанды қ.,  
e-mail: [sakura3874@mail.ru](mailto:sakura3874@mail.ru)

#### ШАТАЛОВ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЗАМАНАУИ ӘДІС РЕТІНДЕ

Аннотация. В статье авторами прописана технология Шаталова, они основной акцент делают на термины опора, опорные сигналы, опорные конспекты. Также рассматривают схему и структуру технологии Шаталова. Описана преимущество, роль повторения в рамках данной технологии. Приведены пути и возможности их использования на занятиях. Как будущий педагог может использовать технологию в ходе проведения занятий.

Ключевые слова: технология; технология Шаталова; опора; опорные сигналы; опорные конспекты; повторение, многократное повторение.

Annotation. In the article, the authors spell out Shatalov's technology, they focus on the terms support, reference signals, reference notes. They also consider the scheme and structure of Shatalov's technologies. The advantage, the role of repetition within the framework of this technology is described. The ways and possibilities of their use in the classroom are given. How a future teacher can use processes in the course of classes.

Key words: technology; Shatalov technology; support; reference signals; supporting notes; repetition, repetition.

Жалпы білім беру процесінде технологиялардың түрлері өте көп. Сабақ беру барысында оқытушы өз сабағы шеңберінде кез келген технологияны пайдалана алады. Технологияны таңдау кезінде тақырыпты ескере отырып, технологияның түрін өз сабағы шеңберінде бейімдеп алу қажет, сол жағдайда ғана кез келген сабақты қызықты түрде ұйымдастыруға болады. Мақала шеңберінде Шаталов технологиясын заманауи әдіс ретінде қарастырып өтуді жөн көрдік.

В.Ф. Шаталов – КСРО-ның (СССР) халық мұғалімі, Донецк университетінің профессоры. Ол іс-тәжірибеде оқытуды интенсификациялау технологиясын жасап, оны оқу процесіне енгізді, сонымен қатар, оқытудың дәстүрлі сыныпты-сабақтың тәсілінің басқа ашылмаған қыр-сырын ашты [4]. Ол елу төрт жыл тақтаның алдында қызмет еткен, жиырма

Шаталовтың сабақ барысындағы сабақты рационалды ақпаратпен толықтыру, оқытудағы әдіс, тәсілдерді мақсатты түрде пайдалану, ұжымдық жұмысты үйлестіре білу сынды бірқатар деректер бар екенін педагогтар қауымы білер...[2]. Автордың әдісін қарастыра отырып, кейбір адамдарда неліктен осы автордың әдісі әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған деген ой туындауы мүмкін. Әрине ол пікір орынды, себебі білім беру процесі үнемі жанару, толықтырылу үстінде. Бірақ білім беру саласында ескірмейтін, өз құндылығын жоғалтпайтын немесе негізін сақтай отырып, түзетуді талап ететін әдістерде кездеседі, солардың бірегейі – ол Шаталов технологиясы.

Осы технологияның пайда болуына Шаталовтың нақты техникалық ғылымдардан білім алушылардың оқу жетістіктерінің төмендігі себеп болды. Олар жақсы сабақ оқу үшін не істеу керек сұраққа жауап іздей бастады. Әйгілі педагог Сухомлинский В.А. «балалар жақсы оқу үшін, олар жақсы оқулары керек» [1] деген.

Шаталов оқушыларды (білім алушыларды) оқытудың және тәрбиелеудің жаңашыл жүйесін ойлап тапты. Ол әлемнің бірқатар мемлекеттерінде әйгілі болды. Шаталовтың көзқарасы бойынша білім берудегі проблема балаларда емес, ал сол сабақты ұйымдастыру әдістемесінде деген пікірге тоқталған. Бірақ ол тақырып бөлек зерттеу тақырыбы болмақ.

Виктор Федорович Л.В. Занковтың шығармашылығынан кейбір тұстарын алып, өзінің әдістемелік жүйесінде жеті қағида жасаған [4]:

- жоғары деңгейдегі күрделілікте оқыту;
- қақтығыссыздық;
- алдыға жылдам жылжу;
- ашық перспективалар;
- шамадан тыс қайталау;
- білімді инспекциялау;
- теориялық білімнің жетекші рөлі;
- әркімнің жетістігін жариялау.

Шаталовтың әдісіндегі негізгі орынды қолайлы психологиялық климатты теориялық және практикалық тұрғыда тудыра алуында. Тек оқыту процесінде ғана емес әр сабақ сайын, сонымен қатар білім алушылардың өз еңбектерінің жоғары деңгейдегі ішкі мотивациясын қалыптастыра білді. Ол бұл жағдайда негізгі әсерді педагог пен білім алушылардың өзара қарым-қатынасы алатынын айқын көрсеткен.

Шаталов В.Ф. жасаған әдістемелік жүйе, тек мектепте ғана емес техникумдарда (колледждерде) және жоғары оқу орындарында пайдаланылды. Оқыту, тәрбиелеу әдістерін және тәсілдерін тиімді пайдалану мұғалімнен педагогикалық техникамен қарулануын талап етеді.

Шаталов жүйесіне алты элемент жатады: шамадан тыс қайталауды ұйымдастыру, білімді тексеру, білімді бағалау жүйесі, есептерді шығару әдістемесі, тірек конспектілер, балалармен спорттық жұмыс. Мұғалімдердің көпшілігі Шаталов жүйесін тірек жазбалармен дәл байланыстырса да, мұғалімнің өзі оларға өз жүйесінде соңғы орынды тағайындады.

Шаталовтың оқыту интенсификациясы тіреу сигналдарына және конспектілеріне негізделген [3, Б. 90]:

- материалды үлкен блоктармен өту;
- оқу материалын тіреу сигналдары, конспектілер арқылы рәсімдеу, яғни өзара байланысты конструкция ретінде болуы;
- оқу процесінде тіреу сигналдарымен жұмыс істеу

Осы Шаталов технологиясындағы негізгі деген категориялары тіреу, тіреу сигналдары, тіреу конспектісі ұғымдарына төменде тоқталып өтеміз. Ал оқу-тәрбие процесі «баға», «қайталау», «бақылау» және өзін өзі бақылау категорияларына негізделеді.

Тіреу - іс-әрекеттің негізгі бағдары, сыртқы ұйымның тәсілі: баланың субъектілі іс-әрекеті [6].

Тіреу сигналдары – мағыналы мәнді алмастыратын ассоциативті символ (белгі, сөз, схема, сурет және т.б.) [6].

Тіреу сигналдары визуалды жадыға бағытталған, өйткені сызбаның немесе кескіннің әдеттен тыс түрі адам миында мықтап бекітіледі, содан кейін есте сақталады, онда жасырылған ақпараттық пакеттер тізбегі пайда болады.

Тіреу рефераты тіреу сигналдардан құрылыс блоктарынан жасалғандай құрастырылған. Тіреу конспектісі кірпіш іспеттес тіреу сигналдарынан түзеледі. Оқытушы расшифровка жасағаннан кейін, жекелеген элементтер арасындағы байланыстардың анық болуының арқасында оқушыға (білім алушыға) кез келген тақырыпты тұтас қабылдауға көмектеседі [5].

В. Шаталов пікірі бойынша тіреу сигналдары, жанұя қақтығыстарын да шешеді. Енді ата-ананың бақылауы мен көмегі жанұя ішілік қарым-қатынаста және отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынаста кез келген жанжалдың туындау мүмкіндігін болдырмауда тиімді және соған бағытталған. Және бұл түсінікті: ата-аналар үшін балаларының жазба жұмыстарын мектепте алған түпнұсқалық тіреу парақтарымен салыстыру қиын емес [7].

Тіреу конспектісі – тіреу сигналдарының жүйесі, шартты конспект ретіндегі қысқаша материал, ол көрнекі конструкция іспеттес, факт, ұғым, идея жүйелерін ауыстыратын оқу материалы [6].

Сабақ барысында тіреу конспектісімен жұмыс істеген білім алушы жаңа деңгейге шығады: олар өз беттерінше тіреу конспектісін ұсынып және жаңа тақырыпшаларға оригиналды значоктар мен символдар ұсына бастайды. Бірақ бұл жұмыс оқу материалын ойланып отырып жүзеге асырмаса болмайды, яғни мәтінде, оқытушы әңгімесінде негізгісін ерекшелеу. Ал жоғары сыныптарда кез келген ақпаратты қысқартып жазуға мүмкіндік береді.

Білім алушы алған әрбір бағасы ашық білімді тіркеу парағына енгізіледі, жазылады. Әрбір білім алушы кез келген уақытта кез келген бағаны жоғары бағаға ауыстыра алады. Бұл ашық көзқарас принципі. Шаталов әрбір бағалау, ең алдымен, ынталандыру болуы керек деп есептейді, ол міндетті түрде білім алушының оң реакциясын тудыруы керек. Екілік жағымсыз эмоцияларды тудырады, оқытушымен, пәнмен қақтығыстар тудырады. Шаталов бұл шиеленіс жағдайларын жоққа шығарады.

1 Технологияның параметрлі жіктемесі [6]:

Қолдану деңгейі бойынша: жалпы педагогикалық.

Философиялық негізде: бейімделуші.

Дамудың негізгі факторы бойынша: социогенді.

Меңгеру концепциясы бойынша: ассоциативті-рефлекторлы + кезең-кезең бойынша интериоризация.

Ұйымдастыру формасы бойынша: дәстүрлі, сыныпты-сабақты, жеке–топты.

Басымдылық әдісі бойынша: түсіндірме-иллюстративті.

Оқытылушылардың категориясы бойынша: селекциясыз барлық категорияға.

2 Мақсатты бағдарлау:

- ББД қалыптастыру;

- кез-келген жеке қасиеттері бар барлық балаларды оқыту;

- оқытуды жеделдету (9 жыл ішінде орта мектеп көлемінде).

3 Қағидалар:

а) көпретті қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, көлемді блоктарды қарастыру, іс-әрекеттің динамикалық стереотипі, тіректерді қолдану, күрделіліктің жоғары деңгейі, іс-әрекеттің бағдарлы негіздері;

б) тұлғаға бағдарланған әдіс;

в) гуманизм (барлық бала дарынды);

г) қинамай оқыту;

д) оқуды қақтығыссыз ұйымдастыру жағдайы, сәттіліктің жариялығы (гласность), түзету, өсу, сәттілік болашағына жол ашу;

е) оқыту және тәрбиелеуді қосу.

4 Мазмұнның ерекшелігі:

- материал үлкен дозалармен беріледі;

- материалдың блок бойынша компоновкасы;

- оқу материалын тіреу сигналдары түрінде конспектілеп, оны рәсімдеу;

- тұлғалы құрылымға бейімделу бойынша – ақпаратты ББД;

- мазмұнды сипаты бойынша – оқытушы, білім берушілік, дидактацентрикалық;


- басқару типі бойынша – кіші топтар жүйесі + «репетитор».

Осы схема негізінде білім алушыларға кешенді тапсырма берілді. Материалды сипаттау барысында әңгімелесу, байқау, жүйелеу, талдау әдістері белсенді түрде жүзеге асырылды. Шаталовтың тірек сигналдары негізінде білім алушылар конспект жасап, Шаталов туралы бейнефильмді әңгімелеп, оны талдап, өз материалдарын жүйелеп, сол бейнефильмде келтірілген Шаталов технологиясын сабақ беру барысында қалай пайдаланатындарын толығымен сипаттап, оны өз сабағы шеңберінде қалай қолдана алатындықтарын негіздейді. Жалпы осындай тапсырмалар аясында білім алушылар өздерін басқа қырынан көрсетіп, оқытушылық қызметке деген қызығушылықтарының оянғанын байқадық.

Тіреу сигналдары схема түрінде болады, онда материалды меңгеру бірліктері келтіріледі, олардың арасында әр қилы байланыстар болады, сонымен қатар белгілер пайдаланылады. Сонымен қоса, қажеттілік деңгейі бойынша (түспен, қаріппен және т.б.) мақсаттардың жіктемесі болады.

Теориялық тұрғыда берілген материалдар негізінде білім алушылар оқу материалын тіреу сигналдары түрінде конспектілеуді толығымен қарастырады, оны талдайды. Содан кейін ғана өз беттерінше конспект жасайды. Сонымен қатар, В.Ф. Шаталов туралы бейнефильм көреді, сол бейнефильм негізінде де конспект жасап, осы автордың технологиясын оқу процесінде пайдалану жолдары бойынша топтық талдау жасайды.

Берілген жүйенің іс-әрекеті стереотипінің негізін тіреу конспектісі (сигналдары) құрайды – ол көрнекі схемалар, онда оқу материалы кодталған. Тіреу сигналдарымен жұмыс істеу нақты кезеңдерден тұрады және арнайы әдістемелік шешімдердің тәсілдерімен сүйемелденеді [1]. Төменде В.Ф.Шаталовтың оқу процесі жүйесінің технологиялық схемасы келтірілген (сурет 1).



Сурет 1 - В.Ф. Шаталовтың оқу процесі жүйесінің технологиялық схемасы

1 Теорияны сыныпта өту: тақта алдында қарапайым түсіндіру (бормен, көрнекілікпен, ОТК); әдемі плакат-тіреу конспектісі бойынша қайта түсіндіру; оқушылардың өз конспектісімен жеке жұмыс; конспект блогы бойынша фронтальды түсіндіру.

2 Бірінші қайталау – конспектіні меңгерудің фронтальды бақылауы. Барлық оқушылар конспектіні есте қалған материалдармен қайта жаңғыртады; оқытушы тапсырмаларды орындалуы бойынша тексереді; бір мезетте жазбаша жұмыстан кейін «ақырын» сұрау, содан соң қатты сұрау жүргізіледі.

3 Тіреу конспектісін ауызша айту – сұраудың әр қилы түрлерін меңгеру кезінде сыртқы сөздік іс-әрекеттің қажетті кезеңі.

4 Екінші қайталау – жалпылама және жүйелеу. Сынақты сұрақтарды алдын ала басып шығару; ойындық элементтер; өзара сұрау; өзара көмек. В.Ф.Шаталовтың жүйесі өз мазмұны бойынша

дидактика болып табылады. Ол тиімді тәрбие және белгілі ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- әр адам күнделікті жұмыс қысымына үйретеді, еңбексүйгіштікке, ерікке тәрбиелейді;
- танымдық тұрғыда өз бетінше жұмыс істеуге, өз күшіне, қабілетіне деген сенімділік арта түседі;
- жауапкершілік, шыншылдық қалыптасады;
- сабақ шеңберінде ғылыми тұрғыда сипатталған материалдарды қарастыруға, талдауға, оларды белгілі жүйеге келтіруге көмектеседі;
- технологияны сабақта пайдалану оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігі дәлелденді.

В.Ф. Шаталовтың жалпы педагогикалық технологиясы пәндік технологияларда жүзеге асады: В.М. Шейман (физика), Ю.С. Мережко (орыс тілі), А.Т. Гайштут (математика), С.Д. Шевцов (тарих) және т.б.

Тапсырманы орындау барысында аудитория шеңберінде белгіленген әдістерді пайдалану аясында білім алушылар өз білімдерін дамытып, өз беттерінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады, талдау жасап үйренеді.

Шаталов технологиясындағы бағалаудың өзі ашық көзқарас принципі бойынша жүзеге асады. Сонымен қатар, білім алушыға алған білімін кез келген уақытта бағасын жоғары бағаға ауыстыруға мүмкіндік беріледі. Сабақ басында, одан кейін де Шаталов шамадан тыс қайталауды белсенді түрде пайдаланған, ол өткен материалды үнемі пысықтауға, оны бекітуге мүмкіндік береді. Оның ойынша, барлық бала талантты, сол үшін әр баланың бойында қабілеттерді оятып, дамытып отыру қажет. Осы негіздемелерге байланысты, Шаталовтың сабақ шеңберінде үлгермеуші бала деген түсінік болмаған.

Жалпы қарастырылып отырған технология, яғни қазіргі заманда да өз өзектілігін, заманауилығын, қажеттілігін жойған емес, жоймайды да... Өскелең ұрпаққа білім беру, тәрбиелеу процесінде әлі де белсенді түрде пайдалануға ақыл-кеңес беремін және оның студенттердің білім берушілік, тәрбиелеушілік құзыреттілігін қалыптастырудағы тиімділігі зор.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Бенотман Е.В. Актуальность метода В.Ф. Шаталова в современном образовании ДНР. – Донецк, 2020.
- 2 Иохвидов В.В., Веселова В.Г. Педагогика. Лекции для студентов. – Новосибирск, 2015. – Часть 1.
- 3 Иохвидов В.В., Веселова В.Г. История педагогики: учебно-методическое пособие. – Новосибирск, 2015.
- 4 Самашова Г.Е. Оқытудың инновациялық технологиялары. Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2016. – 84 б.
- 5 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии / Г.К. Селевко. – М., 2013.
- 6 Шаталов В.Ф. Точка опоры. – М.: Университетское издание, 1990. – 224 с.
- 7 Шаталов В.Ф. Учить всех, учить каждого // Педагогический поиск / Сост. И.Н. Баженова. – М.: Педагогика, 1989. – 60 с

УДК 331.101.31

Sankhayeva A.

PhD Karaganda Buketov University associate professor Kazakhstan, Karagandaaliya\_s08@mail.ru

Kaisarova K.

master student Karaganda Buketov University Kazakhstan, Karaganda  
kundyzai.1996@mail.ru

#### БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ МОТИВАЦИЯНЫҢ РӨЛІ

Аннотация. Бұл мақалада болашақ мұғалімдердің кәсіби мотивациясын дамыту қажеттілігі қарастырылады. Авторлар кәсіби мотивация ұғымын анықтаудың әртүрлі тәсілдерін қарастырады, кәсіби мотивацияның түрлері және оны арттыру жолдары талданады. Әр түрлі модельдер мен технологиялар негізінде психологиялық-педагогикалық жағдайларды дамыту және құру болашақ педагогтардың кәсіби мотивациясын қалыптастыру процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: мотивация, кәсібимотивация, болашақ педагогтар, студенттер, педагогикалық қызмет, дайындық.